Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Бас кеден басқармасы арасындағы Қазақстан Республикасынан Қытай Халық Республикасына жоңышқа пішенін экспорттауға қойылатын санитариялық және фитосанитариялық талаптар хаттамасы

Қазақстан Республикасынан Қытай Халық Республикасына жоңышқа пішенін экспорттау қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – «Қазақстан тарапы») мен Қытай Халық Республикасының Бас кеден басқармасы (бұдан әрі – «Қытай тарапы»), бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, ДСҰ-ның Санитариялық және фитосанитариялық шаралар жөніндегі келісімінің қағидаттарын және тәуекелді бағалау нәтижелерін басшылыққа ала отырып,

достық келіссөздер қорытындылары бойынша төмендегілер туралы келісті.

1-бап

Осы Хаттаманы іске асыру мақсаттарында Тараптар мынадай айқындама пайдалануға уағдаласты:

«Жоңышқа пішені *(Medicago sativa L)*» – жоңышқа өсімдігінен дайындалған, екі жақты сығымдау жолымен өңделген теңдер мен орамдардағы, сондай-ақ түйіршіктелген пішенді білдіреді.

2-бап

Тараптар жоңышқа пішені экспорттау кезінде Қытай тарапының тізбесінде көрсетілген карантиндік зиянкестер мен аурулардан таза болатыны туралы уағдаласты (1-қосымшаны қараңыз).

3-бап

Қазақстан тарапы жоңышқа пішенін өңдеуді жүзеге асыратын кәсіпорындарды бағалайды және айқындайды, содан кейін оларды Қытай тарапына ұсынады. Жоңышқа пішені Қытай тарапы Қазақстан тарапының ұсынысы негізінде өңдеуші кәсіпорындарды тіркегеннен кейін бекітілген өңдеуші кәсіпорындардан Қытай Халық Республикасына экспорттала алады. Мақұлданған және тіркелген өңдеуші кәсіпорындардың тізімі Қытай тарапының веб-порталында қолжетімді болады.

Егер, тіркелген кәсіпорын жоңышқа пішенін 2 жыл экспорттамаса, Қазақстан тарапы кәсіпорынды тіркелген кәсіпорындар тізімінен алып тастайды және Қытай тарапын хабардар етеді. Кәсіпорынға экспорттауды қайта бастауы үшін Қазақстан тарапының аудитінен өтуі және Қытай тарапынан тіркеудің растамасын алуы қажет.

4-бап

Қазақстан тарапы мақұлданған өңдеуші кәсіпорындарды жоңышқа пішенін өсіру, кептіру және сақтау орындарын жануарлармен, экскременттермен және басқа да қалдықтармен ластануын болдырмау үшін басқа ауыл шаруашылығы өнімінен бөлу бөлігінде бақылайды.

Жинау, тасымалдау және сақтау кезінде Қазақстан тарапы жоңышқа пішенінің топырақпен, тамырлармен және басқа да бөгде заттармен араласуын болдырмауды қамтамасыз етеді.

5-бап

Қазақстан тарапы жоңышқа пішенін Қытай Халық Республикасына экспорттау кезінде осы Хаттаманың 1-қосымшасында тізбеленген карантиндік зиянкестер мен аурулардың, сондай-ақ топырақ пен өсімдіктер қалдықтарының енуін болдырмау үшін кәсіпорындардың тиімді шаралар қабылдауын бақылайды.

Қазақстан тарапы Қытай тарапының сұрауы бойынша Қытай Халық Республикасына экспортталатын жоңышқа пішенінің зиянкестері мен ауруларының мониторингі туралы ақпарат береді.

6-бап

Қазақстан тарапы өңдеуші кәсіпорындар тиімді фитосанитариялық басқару жүйесін құруы, өңдеу аймағы мен жабдықты таза ұстауы, сығымдау алдында бөгде заттармен араласу мен ластануды болдырмау бойынша тиімді шаралар қабылдауын, сондай-ақ пакетке салу және буып-түю үшін металл материал пайдаланбауын, сондай-ақ жоңышқа пішенінің мынадай талаптарға сай болуын қамтамасыз етуін бақылайды:

құрамында 1-қосымшада тізбеленген карантиндік зиянкестер мен аурулардың болмауы;

құрамында тірі зиянкестердің, өсімдік тамырларының, жетілген тұқымдардың және басқа да өсімдік қалдықтарының болмауы;

құрамында топырақтың, экскременттердің, жануар қалдықтарының, металл заттардың болмауы;

Қытайға тасымалдау кезінде шашылуын болдырмау үшін контейнерде (басқа жабық көлік құралдарын қоса алғанда) тек теңдермен, орамалармен, қаптармен тасымалдаудың жүзеге асырылуы.

Қазақстан тарапы құрамында Қытай тарапының заңнамасында рұқсат етілмеген генетикалық түрлендірілген заттардың болмауын қамтамасыз етеді.

7-бап

Қазақстан тарапы бекітілген өңдеуші кәсіпорындардың жоңышқа пішенін Қытай Халық Республикасына экспортқа тиеп-жөнелту алдында мынадай:

– салыстырмалы түрде тәуелсіз кеңістік;

– зиянкестердің туындауы мен зақымдауын болдырмау үшін зиянкестермен күресу шараларын қамтамасыз ететін;

– құс қауырсындарымен, ұшалармен, экскременттермен ластануын болдырмауға арналған профилактикалық шараларды қамтамасыз ететін;

– кеміргіштермен ластануын болдырмау үшін кеміргіштермен күресу шараларын қамтамасыз ететін жағдайлары бар сақтау орнында сақтауын қамтамасыз етеді.

8-бап

Қазақстан тарапы жоңышқа пішенінің Тіркелген және бекітілген өңдеуші кәсіпорындардың тізбесіне кіретін кәсіпорындарда өңдеуден өтуін бақылайды. Жоңышқа пішенін экспорттаушылар осы Хаттаманың 4 және 5-баптарының талаптарына сәйкес келуі тиіс. Бекітілген кәсіпорындарға өз кәсіпорындарында өңделген жоңышқа пішеніне өздерінің тіркеу белгісін бекітіп қоюға рұқсат етіледі. Көрсетілген кәсіпорындар осы Хаттаманың талаптарын бұзған жағдайда, Қазақстан тарапы фитосанитариялық сертификат бермейді.

9-бап

Қазақстан тарапы жоңышқа пішенін таза контейнерлерде (басқа да жабық көлік құралдарын қоса алғанда) тасуды қамтамасыз етеді. Бекітілген өңдеуші кәсіпорындар тиеуді өз кәсіпорындарында аяқтайды. Қажет болған жағдайда, контейнерлер (басқа да жабық көлік құралдарын қоса алғанда) толық тазартылуы және дезинфекциялануы тиіс.

Өңдеуші кәсіпорындар осы Хаттаманың талаптарына сәйкес болу мақсатында жоңышқа пішенін тасымалдау процесінде қатаң қадағалау жүйесін қамтамасыз етеді.

10-бап

Қазақстан тарапы жоңышқа пішенін Қытай Халық Республикасына экспорттауға дейін тиеп-жөнелту орнында оның осы Хаттаманың талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізуі тиіс. Тірі карантиндік зиянкестер анықталған жағдайда, жоңышқа пішенінің аталған партиясын Қытай Халық Республикасына экспорттауға тыйым салынатын болады. Қазақстан тарапы Қытай Халық Республикасына экспортталатын жоңышқа пішенінің жергілікті орнында инспекциялаудан немесе өңдеуден өткен партиясын ғана әкетуге рұқсат береді. Бұл жағдайда 2-қосымшаның техникалық талаптарына сәйкес залалсыздандырылғаннан кейін ғана экспортқа рұқсат етіледі.

Қытай Халық Республикасына экспорттауға рұқсат етілген жоңышқа пішенінің әрбір партиясымен Қазақстан тарапы берген, №12 халықаралық фитосанитариялық шаралар стандартының (бұдан әрі – «№12 ХФШС»)

талаптарына сәйкес келетін фитосанитариялық сертификат бірге жүруі тиіс. Фитосанитариялық сертификатта жөнелтушінің аты, контейнердің немесе көлік құралының нөмірі қамтылуы, өсіру орны, кәсіпорынның атауы мен тіркеу коды және т.б. көрсетілуі тиіс.

Егер, жоңышқа пішені өңдеуге ұшыраған болса, препараттың атауын және өңдеудің басқа да мәліметтерін көрсете отырып, бұл туралы тиісті жазба жазылады.

Сертификаттың қосымша бағанында: «Осы партия Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Бас кеден басқармасы арасындағы Қазақстан Республикасынан Қытай Халық Республикасына жоңышқа пішенін экспорттауға қойылатын санитариялық және фитосанитариялық талаптар туралы хаттамаға сәйкес келеді» деп көрсету қажет.

11-бап

Жоңышқа пішенін экспорттаушы контейнердің (басқа да жабық көлік құралдарын қоса алғанда) ішінде экспорттаушының атауы мен оның тіркеу нөмірін қамтитын ақпаратты және қытай тіліндегі «Қытай Халық Республикасына экспорттау үшін» деген жазуды орналастырады.

12-бап

Қытай тарапы әкелу пунктінде әкелінген жоңышқа пішенінің инспекциясы мен карантинін жүргізеді. Жоңышқа пішені осы Хаттаманың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, залалсыздандыру, жою немесе мынадай себептер бойынша кері қайтару жүргізіледі:

(1) Фитосанитариялық сертификат дұрыс ресімделмеген және №12 ХФШС талаптарына сәйкес келмеген жағдайда.

(2) Осы Хаттаманың 2 және 6-баптарының ережелері сақталмаған жағдайда.

Жоғарыда тізбеленген жағдайларда, Қытай тарапы тиісті өңдеуші кәсіпорынның жоңышқа пішенін әкелуді тоқтата тұру бойынша қосымша шаралар қабылдайды.

13-бап

Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданылу мерзімі 5 жылды құрайды.

Осы Хаттама Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Хаттамаға қосымша хаттамаларды жазбаша ресімдеу жолымен өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

Егер, Тараптардың біреуі осы Хаттаманы бұзуға ниеттенсе, екінші Тарапқа кемінде 3 ай бұрын жазбаша түрде хабарлауы қажет.

Осы Хаттамаға 2018 жылғы 7 маусымда Бейжің қаласында қазақ, қытай, ағылшын және орыс тілдерінде әрқайсысы екі данадан қол қойылды.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіру және қолдану бойынша даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрлігінің
үшін

Қытай Халық Республикасы
Бас кеден басқармасы
үшін

1-қосымша

Қытай Тізбесінің карантиндік зиянкестері тізімі

№	Ғылыми атауы
Жәндіктер	
1	*Bruchophagus roddi*
Бактериялар	
2	*Clavibacter michiganensis* subsp. *insidiosus*
Нематодалар	
3	*Aphelenchoides ritzemabosi* (Schwartz) Steiner & Buhrer
4	*Ditylenchus dipsaci* (Kuhn) Filipjev
5	*Meloidogyne hapla* Chitwood
6	*Meloidogyne incognita* (Kofold & White) Chitwood
7	*Meloidogyne javanica* (Treub) Chitwood
8	*Xiphinema americanum* Cobb
Шөптер	
9	*Aegilops cylindrica*
10	*Sorghum halepense*
11	*Cuscuta approximata*
12	*Cuscuta campestris*
13	*Centaurea diffusa*
14	*Centaurea repens*
15	*Solidago canadensis*
16	*Ambrosia artemisiifolia*
17	*Orobanche coerulescens*

2-қосымша

Жоңышқа пішенін фумигациялауға қойылатын техникалық талаптар

Температура	Доза деңгейі (г/м3)	Ең төменгі шоғырлану (г/м3)			
		0.5 сағат	2 сағат	24 сағат	168 сағат
10 °С немесе жоғары	2.12	1.59	1.06	0.53	0.53